

**Т.ЕҢСЕГЕНҰЛЫ**

филология ғылымдарының докторы  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

**«АВЕСТА» ТҮРКІЛЕР МЕКЕНДЕГЕН АЙМАҚТА ЖАСАЛҒАН**

*Бұл мақалада әлемдегі тұңғыш жазба мұралардың бірі, 21 бөлімнен құралған, поэзия тілімен зороастризм діні жайлы жазылған қасиетті «Авеста» шығармасының көне түркілер ежелден мекендеген Орта Азияда, Хорезм өңірінде жасалып, қалыптасып барып Таяу Шығыс халықтарының бірсыпырасына тарағаны терең зерттеліп, сол даналық кітап түркілерге де ортақ мұра екені ғылыми негізде мәлімденеді.*

*Кілт сөздер:* зороастризм, Авеста, оазис, жылнама, Хорезм мемлекеті, Тұран.

Әлемдік шығыстанушы ғалымдардың көпшілігі «Авеста» шығармасының даналық сырына үңілген сайын ондағы бұрын мән беріле қоймаған құпия мәселелер мен көне мәдени құндылықтарды бағалап, сол қасиетті мұраның бітім-болмысын мүмкіндігінше түгел ашуға ұмтылыс жасады. Бәрінен бұрын олар «Авестаның» туған жерін, қай халықтың мұрасы екенін, кім жасағанын, бұл шығарманың дүниеге келуіне себеп болған тарихи-әлеуметтік жағдайды және дәуірін анықтауды, сонымен бірге, «Авеста» кітабында жазылған жаратылыс болмысы, дін, әскер, ел басқару заңдылықтары, өмір сүру ережелері, дәстүр-салт, кәсіп түрлері және басқа мәселелердің сырын тануды мақсат етті.

Шындығында, Еуропа жұрпшылығы әуелде осы құнды кіташпен оның парсы елі жақтан келген бірнеше бөліктерінің нұсқасы арқылы танысты. Сондықтан, «Авеста» кітабы әлем жұртшылығына «Парсы жазбасы» деген ауызша ұйғара салған сәуегейлік болжам, ұйғарым бойынша тарады. Екіншіден, «Авеста» өте көне діни мұра болғандықтан, әуелде оның қай жерде туып, қалыптасқанына барша бұқара қауым онша мән бере қоймады. Өйткені, осы шығарма Библия, Құран-Кәрім тәрізді діндік дүние болғандықтан, ондай қасиетті мұраларды көктем жаратушы жібергендей ниетте қабылдау қалыптасқан еді. Осы арада еске саларымыз – парсы халқы әлемдегі барлық діндердің атасы атанған зороастризм нанымын кейін бұлар да қабылдап, өздерінде мемлекеттік дінге айналдырып, бөлшектеніп кеткен «Авестаны» қайта жинап, тұрмысына бейімдеп, мұның өңделген нұсқасын жасады. Бұл әрекет дүниедегі ұлы шығарманың алғашқы тұтастық қалпынан айырып, біраз зардабын тигізді. Алайда, парсылар солай жасамағанда бұл асыл мұраның негізгі бөлшектері бізге жетпей қалуы да мүмкін ғой.

Демек, парсылардың «Авестаның» жаңа редакциясын жасағанының да кейбір пайдалы жақтары болды. Олар әлгі құнды шығармаға түбегейлі

өзгеріс жасай алмағаны белгілі. «Авестаның» парсылар тарапынан әлгіндей жағдайға ұшырауы сасанидтер дәуірінде болды. Бұған академик В.В.Струвенің: «Жаңа редакциясы сасанид Арташир Папакан (б.д. 226-240 ж.) тұсында және «Авестаның» ең соңғы ережесі Шапура II (б.д. 310-379 ж.) тұсында қалыптасты», – деп жазған дерегі дәлел [1, 50-б. ]. Парсылардың сол қасиетті шығарманы төл мұрасы атауының сыры осында жатқан шығар.

Біздің қасиетті «Авеста» шығармасын арнайы жеке алып зерттеудегі мақсат – сол рухани мұраға қатысты көне ғасырлар қойнауында көміліп қалған, ұмытылған шындықты тарихи, ғылыми тұрғыда ашып, бұл даналық кітаптың Таяу Шығыс халықтарының бірнешеуіне, әсіресе, түркілерге етене ортақ шығарма екенін мәлімдеу. Өйткені, кейінгі кезде бұл салаға шығыстанушы атақты ғалымдар ойлылықпен қарап, «Авеста» шығармасын құпиясы ашылмаған аса зәру мәселелердің бірі ретінде санауда. Бұған нақты дәлел келтірсек, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Е.Э.Бертельс: «Бұрын ғылым мұндай проблеманы қойған жоқ. Бұған дейін «Иран» деген термин тасасында не жатқанын, нені байқататынына мән бермей, әйтеуір сәуегейлікпен Иранға телінді. Ал, негізінде «Авестаның» сол жұмбақ сырын анықтау аса қажет болды», – деп бұл шығыстың даналық мұрасын тереңдете зерттеуге белсене кірісті [2, 45-б. ].

Әлемге танымал ғалымдардың бірнеше тобының жұмыла зерттеуінен соң ғана «Авеста» шығармасының туған, жасалған жерін айқындауда, алғашқыда, XX ғасырдың ортасына таман шығыстанушы ғалымдар арасында үш аймақты көрсеткен талас пікірлер бой көтерді. Түйіп айтқанда, бірінші топтағылар, осы саланы зерттеген ғалымдардың басым көпшілігі «Авеста» кітабын да, зороастризм дінін де, сол қасиетті рухани дүниені туындатқан Жаратуштраны да Орта Азияда – Хорезм өңірінде дүниеге келген деп, тарихи деректер мен зерттеу тұжырымдарына сүйене отырып, ғылыми қорытынды жасады. Ал өзге аймақты нұсқаған екі-үш шығыстанушылар «Авеста» шығармасының Иранның солтүстік-батыс бөлігіндегі Мидияда (қазіргі Әзербайжан) жасалғанын тілге тиек етті. Бірақ, олар кейін бұл пікірлерін өзгергендей болды. Мысалға, ағылшын ғалымы М.Бойс: «Бұрын әр түрлі Иран елдері Зороатуштраның діндарлығы өз отандарында болған етіп көрсетуге тырысты. Көп уақытқа дейін ол Иранның солтүстік-батысында, Әзербайжаңда өмір сүрген деп есептелді. Қазіргі зерттеушілер ондай жағдайдың болмағанын дәлелдейді. Зороастрылық гимндердің мазмұны және тілінің күрделілігіне сүйене отырып, шын мәнінде ол азиат даласында, Волганың шығыс жағында өмір сүргені қазір анықталды», – деп байлам жасады [3, 4-б.]. Сондай-ақ, Батыс Еуропа ғалымдары А.Мейе мен П.Тедеско алғашқыда «Авеста» Мидияда туған деген еді, соңынан олар Иранның солтүстік-батыс өлкесіндегі Парфияны (қазіргі Түрікменстан), яғни Орта Азияны қосып атап, бұрынғы айтқан жерінің ауқымын кеңейтті.

Үшінші өлкені сілтеген бірнеше зерттеушілер «Авеста» шығармасының кезінде парсылар жаулап алып «Шығыс-Иран» аталған Түрікменстан, Тәжікстан аймағында жасалғанын білдірді. Оған профессор И.С. Брагинскийдің: «Ф.Эльтгейм алғашқы кезде Авеста Шығыс-Иранда (Орта Азия) жазылды», – деген сөзін келтіргені негіз [4, 194-б.]. Ал шығыстанушы Э.Бенвенист бұл қасиетті мұраның Хорезм өңірінде жасалғанын қолдап, «Авестаның» тарихи және аңыздық қоры Шығыс-Иранмен (Орта Азия) байланысты екенін мәлімдеді. Соңғы пікір «Авеста» шығармасының бітім-болмысы тұтасымен Орта Азияда жасалғанын мегзейді. Осы келтірілген ой-пікір, деректерді жинақтай тұжырымдасақ, қасиетті «Авеста» мұрасы жасалған деп болжаған үш аймақты да ежелден көне түркілер мекендеген екен. Бұдан туындар нәтиже қайсы? Мұндайда, бірінші кезекте «Авеста» шығармасының Хорезм өңірінде алғаш дүниеге келіп, жасалғанын анықтауда осы саланы зерттеген ғалымдардың жеке-жеке пайымдау, түйіндеулеріне және тарихи мәліметтерге, «Авеста» шығармасының өзінен алынған айғақты деректерге сүйене отырып салыстырмалы талдау жасап, содан жинақталған пікірлер мен байламдарды қорытып, ғылыми нәтиже шығару керек.

«Авеста» шығармасының, зороастризм дінінің алғаш Хорезм аймағында жасалғанын дәлелдеп, нық тұжырым ұсынғандар – Кеңес дәуіріндегі Ресейдің бір топ атақты ғалымдары. Олар академик В.В.Струве, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері: К.В.Тревер, С.П.Толстов, Е.Э.Бертельс, профессорлар: И.М.Дьяконов, А.О.Маковельский, С.Г.Кляшторный, Т.И.Сұлтанов және басқалар. Бұл ғалымдар зороастризм дінінің негізгі қағидалары жазылған «Авеста» кітабының ерекше маңызды бөлімдерін орысшаға аударып, археологиялық мәліметтерді тарихи деректермен салыстыра зерттеп, әр тарауға тереңдете талдау жасап, «Авеста» шығармасының Орта Азияда, сондағы екі өзеннің теңізге құярлығы аралығында жасалғанын айғақтады. Сондай-ақ, зороастризм діні мен «Авеста» кітабының Хорезм өңірінде жасалғанын Еуропа ғалымдары И.Маркварт, Х.Нюберг және М.Бойстар зерттеп, біліктілікпен дәлелдеп берді. Бұл бағытта жоғарыда аталған Ресей ғалымдары айрықша еңбек сіңірді, олар бірлесе зерттеу жүргізіп: «Авеста» кітабының және зороастризм дінінің отаны Орта Азия, соның ішінде Хорезм», – деп тиянақты қорытынды жасады [2, 45-б.].

Шығыстанушы ғалымдардың арасында «Авеста» Иран мұрасы, сол жақта туған» деген жалпылама пікірдің негізсіздігін дәлелдеуге алғаш жол салып берген Ресей ғалымы, академик В.В.Струве. Ол «Авестаны» зерттеуге ХХ ғасырдың ортасына таман бел шеше кірісті. Өйткені, бір елдің рухани төл мұрасы есебінде қалыптасып, жұртшылықтың санасына сіңіп кеткен, әрі ең көне дәуірдегі шығарманың түпкі туған жерін анықтап, ескі қағиданы бұзу үшін зор ғылыми біліктілік, әріден зерттеуден туған ғылыми пайымдау керек

еді. Ол шынайы шындығы аласапыран заманның белгісіз қойнауында көміліп қалған бұл мәселенің ақиқатын жария ету үшін сол соқпағы мол асуға қаймықпай, сенімділікпен барды. Ұзақ уақыт тереңдете зерттеуден кейін В.В.Струвенің зороастризм дінінің және «Авестаның», соларды жасаған, дала пайғамбары атанған Жаратуштраның туған жерін айқындайтын «Дарии тұсындағы Мары көтерілісі» және «Зороастризм отаны» деген көлемді еңбектері жарыққа шықты. Онда ол «Авеста» Орта Азияда, Хорезм өңірінде жасалғанын, әлгі шығарма алғаш туындап, жан-жаққа тарай бастаған кезде Ахеменид патшалығы бұл дінді мүлде білмегенін, арада ұзақ уақыт өткен соң сол нанымның маңыздылығын түсінсе де Ахеменидтер әулетінің мына дінді қабылдамағанын нанымды тарихи деректермен дәлелдеп берді. Бұған В.В.Струвенің осы мәселенің ақиқатына жетуде әрі қарай тереңдете зерттей келіп: «Я пытался доказать что Маргиана и соседние с нею среднеазиатские области были родиной зороастризма», – деп мәлімдегені дәлел болады [6, 40-б.].

Парсылардың зороастризм дінін әуелде мойындамауының да жөні бар. Алға озып айтсақ, зороастризм нанымы мен «Авеста» шығармасы парсы жеріне скиф-сақ тайшалары арқылы барды. Қысқа түйіндесек, б.з.б. X-VI ғасырлар аралығында көне түркілер өзара бірігіп, күшті мемлекет болып қалыптасып, дүниенің төрттен біріндей жерді қол астында ұстап, айтқанына көндірді. Бұған әйгілі тарихшы Геродоттың: «Былайыпша да, мен бұрын айтқандай, скифтер 28 жыл Алдыңғы Азияға билік жүргізді. Киммериялардың ізімен олар Азияға бойлай енді және Мидия державасын күйретті (скифтер келгенге дейін Азияны мидиялықтар биледі). Қапан 28 жыл өткен соң, соншама уақыттан кейін скифтер өз еліне қайтып оралды», – деп жазғаны дәлел [5, 172-б.]. Осы келтірген деректің нақтылығын және скифтердің Алдыңғы Азияға қай кезеңде үстемдік жасағанын айқындауда профессор И.М.Дьяконовтың: «На рубеже VIII и VII вв. до н.э. в Передней Азии возник новый политический фактор, в значительной мере изменивший соотношение сил. Это были кочующие племена конников», – деп айтқаны негіз [1, 228-б.]. Міне, скиф-сақ тайшалары Алдыңғы Азияға, Мидияға билік жүргізген тұста өздері табынған зороастризм дінін, «Авеста» кітабын сол аймаққа таратқан, мидиялықтар сол дінді қабылдап, табынған. Ал «Авеста» шығармасы ең беріден санағанда б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында жасалғаны ғылыми тұрғыда дәлелденді. Айтпақ ойдың бір түйінінің себебін білдірсек, арада біраз уақыт өткеннен кейін, б.з.б. 553-550 жылдары Мидия мемлекеті Персия патшалығымен соғысты, сонда мидиялықтар жеңіліп, өкімет билігі парсылық Ахеменид әулетінің қолына көпті. Әрине, жауласып бағындырған тәуелді елдің дінін жеңген ел қабылдай қоймайды. Парсылардың алғашқыда зороастризм дінін қабылдамағанының сыры осында жатыр.

«Авеста» шығармасы, зороастризм діні жайлы тұңғыш салиқалы, пынайы ғылыми тұжырым жасаған шығыстанушылардың бірегейі В.В.Струве сол діннің пайда болып, өріс табуына және сақталуына скиф-сақтардың елеулі үлес қосып, зороастризм дініне табынып, оны қорғауда сырт жаумен пайқасқа түскенін нақты тарихи деректермен дәлелдеп білдірді. Осыған В.В.Струвенің: «Поскольку метеж в эламе и Вавилони разгорелся через несколько дней после 29 сентября 522 г. до н.э. – момента убивания мага Гауматы – то и востание в Маргиане началось вскоре после дня вступления Дария на престол камбиса. Действительно вавилонские писцы эпохи Дария дают не транскрипцию первого элемента сложного термина «сака гаумоварга» а по существу делают его перевод. Они заменили имя «сака» здесь, как и везде, где он встречалось в трехязычных надписях Ахеменидов, этническим терминам «гимир», «гимерри», – деп жазғаны айғақ [6, 24–26-б.].

Осы келтірілген үзікте Скиф-сақтардың, Мары қаласы жұртшылығының өздері ежелден табынған зороастризм дінін қорғап, парсы билеушілерінің сол нанымды уағыздаушыны өлтіргенін айыптап көтеріліске шыққаны бұлғартпас деректермен беріледі. Нақтылай түссек, мына дәйектемедегі «Маргиане» сөзі Түрікменнің ежелгі Мары қаласы, ал «Мага Гауматы» сөзіндегі «Магия» – дінді дәріштеуші, алғашқы дінге берілгендер деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, «Гауматы» сөзі, В.В.Струве өзі түсіндіргендей, парсылар көне түріктерді көбіне солай атаған. Демек, «Мага Гауматы» – дінге берілген сақтар деген сөз.

Әлемдегі көне мәдениет орталығының бірі болып саналған Түрікмен жерін, ондағы Мары оазисін парсылар ерте кезде жаулап алып, халқын қанауда ұстағаны бұдан бұрын жазылған еңбекте баяндалған [7, 95-б.]. Көне түркілердің ежелгі шаһарларының бірі Мары қаласының тұрғындары өздері табынған зороастризм дінін сақтап қалуда қарсы жаумен пайқасып, оны әрі қарай дамытуға күш салған. Дала пайғамбары Зороатуптра (Жаратуптра) есімімен көне грек даналары атаған зороастризм діні – көне түркілердің Тәңірлік діні. Осы өңір зороастризм, «Авеста» шығармасының сақталып, дамуына бірден-бір негіз болды. Мары оазисі Хорезм аймағымен жарыса, кейінірек алға озып, зороастризм дінінің ошағына айналды. Академик В.В.Струвенің бұл діннің бірінші жасалған жері Хорезм, екіншісі Соғды, үшіншісі Мары деп атауының сыры осында жатыр. Оған В.В.Струвенің: «В противоположность первым двум, созданным Ахурамаздой, странам – Вазджа (Хорезм) и Гаве (Согду) – третья по благополучию страна маргов т.е. древне персидского Маргуп, греч. Маргиана, современное Мары, характеризуется как «мощная, ведущая в Аша (ашаван)» (Vid, 1,5) т.е основу основ учения Заратуптры», – деп жазғаны дәлел [6, 29-б.].

Зороастризм діні мен «Авеста» мұрасы көне түркілердің ежелден мекендеген аймағында, солардың дәстүр-салты, үлгі тұтқан кәсіптері

негізінде жасалғанын В.В.Струве: «Другим ярким моментом культурной близости саков и население Маргианы была и религия как мы увидели ниже», – деп негіздеп беріп, одан әрі «Авеста» шығармасынан соған қатысты бұлтарғас дәлел келтіреді. Мысалға, көне түркілер қасиетті кітапта айтылатын «Хаома» жасауды бұрынғыдан да жаңа сатыға көтереді, түркілер жасаған хаома – тек діндік дұға тұсында ішетін сусын. В.В.Струве атап көрсеткендей, «Авеста» кітабында зороастризм дініне, ел қорғайтын әскерге, мал өсіру мен егін шаруашылығына ерекше назар аударылған. Осы үштік ұғым көне заманда ең алғашқылардың қатарында Хорезм мемлекетінде пайда болды. Сол өмірге енгізген үш ұғым ешқандай өзгеріссіз «Авеста» кітабынд жазылған. Бұл да «Авестаның» осы өңірде жасалғанын мәлім етеді. В.В.Струвенің зороастризм дінінің, «Авеста» шығармасының Орта Азияда, Хорезмде туындағанын, соларды сақтап дамытуда Мары оазисінің тұрғындарының, скиф-сақ тайпаларының тікелей қатысы барын дәлелдеп беруі – көптен шешімін ташпаған шынайы шындықтың бетін ашқан зор жетістік. Енді көне түркілерді «мәдениеттен кенже қалған, варвар, жабайы» деп ешкім айта қоймайтын шығар.

Қысқасы, ертедегі бабаларымыз өздерінің берік түркілік дәстүрін, дінін, кәсібін, жазуын, темір қорыту, күнтізбе жасау, жер өңдеу, малды түр-түрімен өсіру шеберлігін қалыптастырып, айналасындағы елдерге кеңінен танылды. Түркілердің осы аталған жетістіктері «Авестаға» түгелдей енді [16, 63-65-б.]. Скиф-сақтар Алдыңғы Азияға билігін жүргізген кезде, өздерімен ала барған зороастризм діні де, қасиетті «Авеста» шығармасы өзінің құндылығымен жан-жаққа тез тарады. Кейбір дүмше зерттеушілері мен Еуропаның өзімшіл, басқаны менсінбейтін сәуегейлерінің істің түп-төркініне түсінбей «Авеста», зороастризм діні парсыларда, Мидияда жасалған деп жобалап пікір білдіруінің төркіні осында жатыр. Бұл тұжырымды В.В.Струвенің: «Они заменили имя сака «гимир», «гомер» библи, является именем народа, племена которого с далекого севера, начиная с конца VIII в до н.э., стали вторгаться в Переднюю Азию и являлись в течение VII в. угрозой для существования древневосточных государств», – деп жазғаны бекемдей түседі [6, 26-б; 16, 123-б.]. Мына үзіктегі «является именем народа, племена которого с далекого севера» деген сөзде елеулі шындық бар.

Шығыстанушы ғалымдардың көбісі алғашқы мәдениеттің ошағы болған Тигр мен Ефрат адамдары ең бірінші болып суық жақтан –Орта Азиядан барғанын мойындайды. В.В.Струве тұжырымы да соған сәйкес келеді. Расында, Әмудария мен Сырдарияның теңізге құярлығына жақын жерде орналасқан Хорезм аймағы алғашқы қауымдық дәуірден тіршілікке қолайлы аймақ болып, халық көп шоғырланды, мәдениеті, кәсібі, өмір сүру ережелері ерте дамыды. Сол жетістікті шумерлер өздерімен бірге ала кетті. Бұған осы сала маманы А.Бахтидің: «Можно предположить, что шумеры–древние кочевые азиатские племена, предки древних скифов-кочевников

осели в долинах Месопотамии и создали самую древнюю цивилизацию Двуречья», – деп жасаған тұжырымы негіз [8, 14-б.]. Сонымен, Жаратуштра ілімі мен «Авеста» шығармасының отаны – Орта Азия, Хорезм өңірі.

Қасиетті «Авеста» шығармасының тағдыры есімі әлемге танымал ғалымдардың біразын ойландырды. Мысалға, профессор Е.Э.Бертельс «Авеста» шығармасын зерттеумен ХХ ғасырдың екінші онжылдығынан айналыса бастады. Бұған оның «Авеста» кітабындағы құдайларға арналған жырлардың бірнешеуін аударып, 1924 жылы «Восток» журнал-кітаптың 4 санында жарияланғаны дәлел [9, 18-б.]. Бұдан кейін ол 1951 жылы «Авестаның игерудегі маңызды жұмыс» деген еңбегін ұсынып, осы зерттеуінде Е.Э. Бертельс «Авеста» шығармасының, зороастризм дінінің Орта Азия аймағында жасалғанын ғылыми негізде тұжырымдады [10, 257-б.]. Бұған оның: «Авеста» дүниеге келгенде сол тілде жазылған төңірекке, өлкеге, аймаққа ғана белгілі болған. Өзгешелеп айтқанда, «Авеста» тілінің туған жері – скиф-сақ тілінде сөйлейтін Шығыс-Иран тайпалары ежелден қоныстанған және бұрынғы әр түрлі халықтардың ұрпақтары (сонымен бірге тәжіктер) тұрған қазірде мекен еткен Орта Азия жері», – деген байламы негіз болады [2, 49-б.]. Осы тұжырымда елеулі мән бар, ол осы кітап Орта Азия жерінде жасалғанын нақты айтумен бірге, «Авеста» тілінің тараған аймағы скиф-сақ тіліндегі парсылар жаулап алған Түрікменстан, Тәжікстан жері екенін мәлімдейді. Ол Орта Азияда тұратын тәжіктерді арайы қосып айтып отыр. Профессор Е.Э.Бертельс солай тұжырым жасау арқылы Орта Азияны түгел қамтиды. Ондағы мақсаты – сол аймақты ежелден көне түркілер – скиф-сақ, массагет, тұрандар тұрақты мекендегенін білдіру.

Демек, профессор Е.Э.Бертельс «Авеста» шығармасының жасалуына көрші Орта Азияны ежелден мекендеген тәжік халқының да елеулі үлесі барын, оны бөліп тастамауды арнайы еске салған. Бұл пікірдің орнықтылығын И.С.Брагинскийдің: «Тәжік халқының арғы тегінің бірі – Орта Азия тайпалары», – деген сөзі бекемдей түседі [4, 11,29-б.]. Әсіресе, Е.Э.Бертельс: «Авеста» скиф-сақ тілінде жасалған» дегенде – Орта Азия скиф-сақтарын айтып отыр. Мұндайды туралап айтсақ, «Инар сақтары» деп бұрын Иран қарамағында болған әзербайжан, түрікмен және өз іштеріндегі скиф-сақтарды атаған. Себебі, скиф-сақтар – тек түркі тектес халықтардың арғы тегі. Қысқасы, парсылар өз қарамағында болған көне түркі тайпаларын көбіне «Иран сақтары» деп өздерінен бөліп атаған. Кейбір зерттеушілер сол атаудың түп-төркініне жете үңілмей «Парсы-ирандар тегінде скиф-сақтар жоқ» деп талас пікір танытады. Анығында, парсылар өз территориясындағы «Иран әзербайжаны» деген үлкен аймақты алып жатқан елді және ертеректе жаулап алған Шығыс Иран атанған (Парфия) – түрікмендерді бөлектеп «скиф-сақтар» деген.

Профессор С.П.Толстов «Авеста» шығармасын тарихи-типологиялық тұрғыда зерттеген ғалымдардың көпбастаушысы. Ол «Авеста» кітабын

тарихи дәуірлермен, соған қатысты деректермен және аңыздық, эпостық мұралармен, әсіресе, археологиялық қазба материалдармен салыстыра зерттеп, нақты мәліметтер келтіріп, соны жаңалықтар ұсынды. Мысалға, өзге зерттеушілер бұл шығарманың туған жері жөнінде үлкен аймақты қамтып айтса, ол «Авеста» шығармасының туған жері – Хорезм өңірі екенін ғылыми негізде анықтап берді. Сондай-ақ, С.П.Толстов «Авеста» кітабының, зороастризм дінінің дәуірлерін топпылап, қай халықтың мұрасы екенін тануға жетелейтін орынды тұжырымдар жасады. Атап айтқанда, оның: «Маркварт поддержанный в этом Баргольдом и рядом других исследователей, ищет в Хорезме загадочную страну Айрьяном-вяджо–первую населенную область, созданную верховным вожеством зороастризма–Ахура Маздой. Здесь по преданию родился пророк, основатель зороастрийской религии–легендарный Зороатуштра. Авеста не знает ахеменидов. Включение последних из них в позднюю персийскую религиозную литературу при сасанидах–столь же неключая фольсификация, как и превращение А.Македенского в сына Дария», – деген сөзі біздің пікірімізбен сәйкестік табады [11, 89-б.]. Е.Э.Бертельсте парсылардың «Авеста» шығармасын өз мұрасына айналдыру үшін Жаратуштра жайлы аңыз қалыптастырып, оның туған жылын б.з.б. 569 жыл деп көрсетіп, Ахеменид патшалық құрған кезеңмен қиялмен ұштастырғанын мәлімдей келіп: «Егер солай болса, Азиядағы жағдайларға ерекше назар аударып, Зороатуштраны ең көне дәуірде өмір сүрген аса көрнекті философ ретінде бағалаған гректер қалайша Зороатуштраның б.з.б. 569 жылы дүниеге келгенін білмейді. Сосын, зороастризм діні Ахеменид билік жүргізген (оңтүстік-батыс Иран) б.з.б.VI ғасырдың соңғы ширегінде күшейген болса, сол реформа жасап тарихи оқиға туындатқан Зороатуштра отызға да толмапты. Бұл аңыздың өзіне де қисынсыз», – деп жазды [2, 47-б.].

Сол секілді, профессор И.М.Дьяконов: «Бенвенист айтқандай, Ахеменид тұсында Зороатуштра шашы әбден ағарған көне бет кейінде еді, мұндай бұрмалау зороастризм дәстүріне жараспайды»,–деп мәлімдеді [1, 54-б.]. «Авеста» көне түркілер дәуірлеген тұс – ең беріден санағанда б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында Орта Азияда жасалған», – деген біздің тұжырымымызбен жоғарыдағы есімдері аталған, осы саланы арнайы зерттеген атақты ғалымдардың пікір, қорытынды байламдары сәйкестік табады. Осылайша салыстыра қарастыру барысында, сонда зороастризм діні мен «Авестаның» туған отаны қайсы деген сұраққа өзгелермен салыстырғанда С.П.Толстов онша үлкен аумақты қамтымай-ақ, бұл қасиетті мұраның туған жерін және ол өңірді сол тұста кімдер мекендегенін тарихи деректермен нақтылап көрсетті. Бұған оның: «Жоғарыда баяндалған, өзге де кеңінен талдап мінезделген тұжырымдар бізге сол Кангюй атымен үйлескен Кангхой–Авестаның тасасында Хорезм жасырынып тұр деген қорытынды



жасауға әкеледі», – деген дәйектемесі біздің білдірген ой-шікірімізбен етене үйлесіп, түйінді жауап болып табылады [11, 145-б.].

Осы аталған атақты ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, біз де осы саланы ұзақ зерттеп жазылған еңбекті белгілі ғалымдар талқысына ұсындық. Сонда академик С.Қирабаев: «Сенің «Ивин Сина» жайлы еңбегіңді оқып шықтым, бірақ жаратпадым»,–деді. «Мен де сол пікірге қосыламын»,–деді З.Қабдолов. Негізгі жауап осы болды. Бұл тақырыпты зерттеуді әрі қарай жалғастырдым. Сонымен, профессор С.П.Толстовтың меззеуінше Кангхой мен «Авеста» егіз ұғым. Ендеше, осы «Кангюй, Кангхой» сөзінің түп-тамыры нені ұқтырады, мағынасы қандай? «Авеста» шығармасымен сабақтастығы бар ма? Осы мәселеге қысқаша жауап қайтару қажет болды. Энциклопедияда Қаңлы-Кангхой–ерте заманнан бері Қазақстанды мекендеп келе жатқан, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ірі де көне түркі тайпаларының бірі екені айтылып: «Өзінің дербес мемлекеті болған Кангюй, Кангха тайпалар бірлестігі мен одан ейінгі дәуірлерде де дәл сол өлкені қоныстанған. Басқаша айтқанда, сонау көне заманда пайда болып, бүгінге дейін тарихта аты сақталып келе жатқан Кангюй мен Қаңлының шығу тегі (этногенезі) жағынан бір. Осыған орай, Кангюй мен Қаңлы этнонимдерін тарихи даму кезеңдеріне байланысты бірінің орнына бірін қолдана беруге болады. Көне қытай деректерінде кездесетін Кангюй мемлекеті–Авестадағы Кангха елі. Қаңлылар этнос ретінде Сыр бойының негізгі тұрғындары», – деп жазылған [12, 455-б.].

Ал «Қазақ мәдениетінің тарихы» деген монография жазған қытай профессоры Су-Бихай: «Сүй кітабы батыс өңір шежіресінде» былай деп жазылған: Қаң мемлекеті Қаңлылардың ұрпақтарынан құралым тапқан. Олардың өз алдына ұстаған заңы болған. Бұл заңды Зоростр (зороастризмдердің) ғибаратханасына қойған. Олар қылмыстыларды жазалағанда, осы заң арқылы жазалайтын болған», – деп мәлімдейді [13]. Академик В.В.Бартольд те «Канга» сөзі діндік шығармада («Авеста») географиялық атау есебінде кездесетінін, олардың қытай шежіресінде көрсетілгендей, Сырдарияның орта ағысы бойын мекендегенін білдіреді [14, 5-б.]. Ақиқатына жүгінсек, «Авеста» шығармасының «Ардвисура-яшт» деген бөліміндегі XIII тарауда: «Арта құрметтеген Кангха қамалында Вэсакадан тараған ұлдарды женеің, қайткенмен, мен Тұран жеріндегі әскерді», – деп жазылған [16, 332-б.]. Сонымен, Сыр бойын мекендеген қаңлылардың күшті мемлекет болғаны, олардың ежелден бекем ұстанған заңы – зороастризм діні тайпа ішіне сіңісті қалыптасқандығы, содан дамып, Қаңлы мемлекетінің басқару ісіне айналғаны – зороастризм дінінің, «Авеста» кітабының осы қаңлылар мекендеген жерде туғандығын аңғартады. Турасын айтсақ, грек философтары Жаратуштра есімімен аталған зороастризм діні – түркілердің Тәңірлік діні.

Негізінде, Хорезм билігі тұсында зороастризм діні, ел басқару заңдары, оны жүзеге асырудың жолдары әуелі сол Қаңлықалада қалыптасып, содан соң жан-жаққа селдей тараған. Сөйтіп, Хорезм даққын бұрынғыдан да кең алқапта жайғаны сөзсіз. Қысқасы, дүниенің таңдаулы ойшылдары мен ғалымдарын ерекше тебіреніске, ізденіске түсірген «Авеста» шығармасы жайлы ұзақ зерттеуден туған ғылыми тұжырымдардың қорытындысын сараласак, бұл орайда негізгі тірек – шығыстанушы ғалымдардың бәрі дерлік зороастризм діні, «Авеста» кітабы оны жасаған дала пайғамбары атанған Жаратуштра Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысы аралығындағы Хорезм өңірінде дүниеге келгенін мәлімдейді. Бұл аймақты ежелден көне түркілер мекендеген, негізгі орталығы – Қаңлықала деуге болады. Демек, «Авеста» шығармасы сол қалада жасалғаны байқалады. Профессор С.П.Толстовтың «Кангхой–Авеста» деп тұтас ұғымда атауының мәнісі осында болса керек. Себебі, тарихи мәлімет байқатқандай, ежелгі заманда Хорезм тек қаланың ғана атын білдірмеген. Хорезм билігіне қараған жерлерді –Хорезм елі, Хорезм аймағы деп атаған. Профессор С.П.Толстовтың Хорезм орталығы деп бір-екі қаланы қатар атауының да мәнісі соны білдіріп тұр.

«Авеста» жасалған Хорезм өңірі ежелден қаңлылардың тұрақты қонысы болғандығын танытатын пікірлерді тарих ғылымының мамандары да білдірген. Оған «Қазақстан тарихы» кітабында осы тайпа жөнінде сөз қозғай келіп: «Қаңлылардың билік құрған кезеңдегі сыртқы саясатының жалпы бағыты Жібек жолының Сырдария бойымен жүретін бөлігіндегі Ферғанадан Арал өңіріне дейінгі учаскесін өз бақылауында қайтсе де сақтап қалуға ұмтылушылығы еді. Олар оны уысынан шығармады да»,–деп жазғаны айғақ [17, 48-б.]. Бұл дәйектемеден қаңлылар «Авеста» жасалған өңірді мекендегені және күшті мемлекет болғаны тағы айқын байқалады. Енді осыған қытайдағы қазақ ғалымы Н.Мыңжанның: «Қаңлылардың шығу тегі Жүңго жылнамалары мен «Авеста» тарихынан белгілі. Чи Иүшші: «Қазақ дегеніміз–ежелгі қаңлы елі дейді. Тарихи деректерге қарағанда, ерте заманғы қаңлылар зороастризм дініне сеніп, ай мен күнге және отқа табынған екен»,–деген байламын қоссақ көп нәрсенің сыры ашылады [18, 90-б.]. Бұл келтірілген бұлғаршас деректер мен ғылыми тұжырымдардың бәрін тізбектей есте сақтай отырып, түркі жұртының ежелгі дәстүр-салтына үңілсек, олар зороастризм дінін мойындап, өмірлік тірлігіне сіңіре пайдаланған екен. Осы бағыттағы зерттеулерден туындатып, барлық айтқан тұжырымдарды профессор С.П.Толстовтың: «Сырдарияның төменгі жағы мен Хорезмді мекендеген тайпаларды антикалық дәуірде Кангха (қытайша Кангюй) деп атады. Ортағасырда бұл тайпа Сырдария аймағындағы түркі тайпалары одағын қамтып, солардың атынан Қаңлы, одан бұрынырақ Кангар атанды, сосын К.Багрянородныйдың мәлімдеуінше X ғасырда печенгілердің бөлігі атанған», – деген анықтамасымен қорытуға болады [19, 275-б.].

«Авеста» шығармасы Хорезм өңірінде жасалғанын танытатын тарихи деректерді тағы да С.П.Толстовтың археологиялық еңбектерінен және де өзге ғалымдардың зерттеулерінен табуға негіз бар. Мысалға, И.С.Брагинскийдің осы саладағы зерттеу еңбегінде «Авеста» кітабындағы әріп таңбалары және сол шығарманың көне қолжазбасының бір беті берілген [4, 18,191-б.], сондай-ақ, И.М.Дьяконов жазған кітапта «Авеста» мәтінінің үлгісі және қолжазбадан үзінді жарияланған [1,51-б.]. Профессор С.П.Толстовтың зерттеу кітабында Топыраққаладан табылған ағашқа, теріге жазылған құжаттардың бірнешеуі сол қалпында назарға ұсынылған [19, 218-б.]. Енді сол көне дәуір қолжазбаларын қатар қойып салыстырып қарасақ, әуелгі айтарымыз, «Авеста» қолжазбасының мәтіні мен Топыраққаладан табылған қолжазба мәтінінің әріп таңбалары мен жазу құрылысында онша айырмашылық байқалмайды. Екіншіден, осы қасиетті кітапты зерттеген ғалымдардың барлығы да «Авеста» шығармасы кейін түгелдей өгіз терісіне жазылғанын баяндайды. Бұған И.С.Брагинскийдің: «Арда Вирафнамак» (б.д. IX ғ.) кітабында «Авеста» 12 мың өгіз терісіне алтын әріппен жазылғаны айтылған»,–деген сөзі негіз [15, 83-б.]. Олай болса, мына Хорезм билігіне қараған Топыраққаладан сол «Авеста» шығармасының көне қолжазбасындағы әріп таңбасымен теріге жазылған көптеген мәтіндердің, ресми құжаттардың табылуы – даналық кітаптың осы аймақпен тікелей сабақтастығын танытады.

Үшіншіден, Топыраққаладағы барлық іс-құжаттардың сол «Авеста» жасалған әріп таңбасымен жазылуы, сол графиканың осы өңірде бағзы заманнан, яғни, «Авестадан» бұрын туып, халық арасына кең тарап, негізгі жазба әрпі сол болғанын мәлімдеп тұр. Осыған С.П.Толстовтың: «Барлық табылғаны жүзге жуық құжаттар, соның ішінде ағаштағы 18 мәтін жақсы жағдайда, қалғандары теріде. Топыраққала сарайынан табылған құжаттардың ішіндегі үшеуі даталанған. Бұлар теріге жазылған»,–деп келтірген дерегі дәлел [19, 215-б.]. Сол көптеген жазба құжаттар табылған Топыраққала қорғанының Хорезм билік жүргізген аймаққа жататынына Қазақ совет энциклопедиясындағы: «Топыраққала – Хорезмдегі көне бекіністердің орны. Хорезм патшаларының сарайы, Қарақалшақ АССР, Бируни ауданының жерінде. Топыраққала – айнала мұнаралы қабырғамен қоршалған. Оң жақ қабырғадағы қақпадан отты гиратханаға дейін орталық көше өтеді»,–деген тұжырым айғақ [20, 104-б.]. Ал, сол қаланы көне түркілер бағзы заманнан қоныстанғанына профессор С.П.Толстовтың осы қорғанды археологиялық жолмен зерттеуде онда патша, би, бұғы залдары барын айтып, қабырғаларға суреттер салынғанын білдіре келіп: «Трактовка изображения оленей уводит нас в мир скифо-сарматского искусство», – деген сөзі негіз [19, 213-б.].

Айрықша еске салатын нәрсе, «Авестаның» жазба мәтіні жасалып, қалануына сол дәуірдегі, әсіресе, Хорезм билігіндегі тарихи-әлеуметтік жағдай қатты әсер еткен, яғни зороастризм дінін жазбаша түрде түсіріп

халыққа тез жеткізуді бекем қалыптастыру сол елде басты міндетке айналған деуге болады. Өйткені, ежелгі замандарда өмір ағымында басқаша өзгерістердің, соның ішінде, жазба мәдениеттің туындап, қалыптасуына жаңа дін күшті ықпал жасаған. Жалпылай алып қарағанда, дін–идеология, сондықтан оны жұртшылыққа түгел жеткізіп, ұғындырып, елді соның уытты әсерімен басқару, ұстау керек. Осындай қажеттіліктер, әсіресе, жаңа дін көбіне жазба мәдениеттің туындауына, өрістеп тарауына едәуір ықпал жасайды. Оған дәлел мынау: «Хорезм – ең беріден санағанда неолит дәуірінен хабар беретін, іргесі өте ертеден қаланған Орта Азиядағы ірі мемлекет болған. Неолит кезеңінің басталуы б.з.б. V мыңжылдықтарға тура келеді. Әлеуметтік сипаты жағынан алғанда, неолит дәуірі рулық қауымдық кезеңі, ұжымдық еңбек пен өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктің өктемдік жасап тұрған кезеңі болды. Сонымен бірге тайшалар мен тайшалар бірлестігі құрылған жемісті кезең еді» [17, 13,14-б.].

Жоғарыда дәлелдегеніміздей, зороастризм дінінің осы өңірде туып, қалыптасуы, дамуы, әрі егіншілік пен мал өсіру мәселесінің бұл аймақта ерте өркендеуі және күл иеленушілік қоғамның енуі, тағы осындай өзгерістер мемлекетті басқарудың жаңа жолдарын яғни, тың реформаны талап етті. Бұл айтқанымызға түйіп жауап қайтарсақ, осы аймақта мәдениет жетістіктерінің ерте дамығандығына ірі ойшыл Ф.Энгельстің: «Орта Азиядағы екі өзен – Әмудария мен Сырдария аралығы малды қолға үйретудегі ең бірінші аймақ болып табылады», – дегені [21, 24-б.], профессор И.С.Брагинскийдің бұл өңірде егіншілік пен мал шаруашылығы ежелден ерте дамығанын зергтей келіп: «Орта Азия адамзат мәдениетінің алғашқы ошағының бірі болып табылады. Біздің з.б. екі мың жылдықтың соңы мен бір мың жылдықтың басы Орта Азияда әскери демократияның дамыған уақыты. Осы құрылыстың көптеген қасиеттері «Авеста» пығармасынан өзінің көрінісін тапты»,–деген байламы негіз болады [4,80,158-б.].

Сонымен, бұл келтірілген пікір, байлам, тұжырымдарды пығыстанушы ғалымдар: «Кейінгі қола дәуірі мәдениетінің негізінде Арал бойында Хорезммен мәдени-тарихи тұрғыда ғасырлар бойы өзара байланыста болған сақ-массагет тайпаларының мәдениеті қалыптаса бастады. Авестаның мәліметіне қарағанда, б.з.б. бір мың жылдықтың бірінші жартысында Хорезм қоғамы рулық тәртіпті сақтай отырып бірнеше касталарға: от абыздарына, жауынгерлерге және қатардағы, қауым мүшелеріне бөлінді», – деп жазған дәйектеме нақтылай түседі [23, 48-б.]. Міне, Хорезм мемлекеті алдында тұрған елді басқару міндеттері, әсіресе, зороастризм дінінің қалыптасып, нығаюы және оны насихаттап, барлық жерлерге жеткізудің қажеттілігі «Авеста» пығармасын жазба түрде жасалуын талап етті. Осы байламды О.Сүлейменовтің: «Любое письмо в истории – выразитель религиозной идеологии прежде всего. И лишь затем государственности и культуры. Все

новейшие религии входили в мир со своей письменностью», – деген тұжырымы бекемдей түседі [24,9-б.].

Шын мәнінде, «Авеста» шығармасының басты өзегі, құрылысы Хорезм мемлекетінің бірнеше касталарға бөлінуімен тура сәйкес келеді. Атап айтсақ, «Авеста» кітабында мемлекетті зороастризм дінін жүргізу арқылы абыздар билейді, жауынгерлер–қорғанысты қамтамасыз етеді. Ал елдің тұрмыс-жағдайын қалыпты ұстауда егін мен мал шаруашылығын жетілдіру көзделген. Демек, Хорезм мемлекеті алдында тұрған үш күрделі міндеттер «Авеста» шығармасы құрылысының солай жасалуына негіз болған. Бұл мұраның осы аталған мақсатта туындағанын профессор А.О.Маковельскийдің: «Авестаның» көне бөлімінде қоғамның үш топтан тұратыны айтылған: 1). Жрец-абыздар, 2).Әскер, 3).Ауыл шаруашылығы (мал өсіру мен жер өңдеу)», – деп баяндалғаны бекемдей түседі [25, 90-б.]. «Авеста» шығармасының Хорезм өңірінде жасалуының басты себептерінің бірі осы. Ал «Хорезм өңірін сол тұстарда кімдер мекендеген?» деген мәселеге әлі де көптеген қосымша деректермен жауап қайтаруға болады. Сол мәліметтерді тізбелемей-ақ, тағы да С.П.Толстовтың: «Могильник Тогискен расположен примерно в 200 км. к юго-западу от Кзыл-Орды, на русло Инкар-Дарья, в том месте, где проходит к Жаны-Дарье погребальные сооружения имели вид курганов что их более, 70. Так, близкие аналоги Хорезмской керамике дают комплекс керамики, в целом датируемые тем же временем, что и хорезмийский (т.е. VII–V или VII–IV вв до н.э.), из слоя Афрасиаб-1. Кой-Кырылган-кала–замечательный памятник классической кангюйской культуры Хорезма», – деп жазған деректерін келтірсек жетер [19, 106–117-б.]. Афрасиаб – тұрандар патшасы, бұлар «Авестада» айтылады.

Осы Хорезмге қараған өңірдің әр тұсынан жинақтап берілген тарихи, қазба деректер–бұл аймақты негізінен Сақ-скиф, Массaget, қаңлылар ежелден қоныс еткенін бұрынғыдан да нақтылай түседі. Сонымен, шығыстанушы ғалымдар мәлімдегендей, Хорезм аймағындағы Скиф-сармат өнері, Топыраққаладағы «Авеста» қолжазбасындағы әріп таңбасымен бірдей құнды жазба мәтіндер, Арал бойындағы ежелгі Сақ-массaget, Қаңлықала мен Қой-Кырылгандағы С.П.Толстов атаған қаңлылардың классикалық мәдениеттері, бәрі қосылып Хорезм мәдениетін қалыптастырғаны сөзсіз. Түйіп білдірсек, Хорезмдегі қаңлылардың классикалық мәдениетінің ең бастысы –«Авеста» шығармасы. Біздің осы пікірімізді академик Ә.Марғұланның: «Чубандар (Юсбань) туралы В.В.Бартольд тағы бір жаңалық айтады. «Из среды Юсбинеи вышли хиониты классических писателей и иранского писанина Авесты, дошедшие до границы персы и упоминающиеся в IV и V вв. Как враги персов и как союзники с ремлянами» [20]. Бартольд атаған «Хиониттер» чубан тайпасына кірмейді. Ол көп заман Амудария мен Арал теңізінің өлкесін мекендеген ғұндардың екінші бір мықты ұлысы»,–деген дерегі бекемдей түседі [26, 20-б.].

Ал Марғұлан келтірген мына мәліметтегі аталған тайпаны «Ғұндардың екінші бір мықты ұлысы»,–деп тұжырымдағаны шынайы шындық сөз болып шықты. Бұған сол «Авеста» шығармасындағы жырда кездесетін «Хьяона» сөзінің тура мәнін бұл кітаптың өзінде: Хьяона – жау халықтың аты, памамен сасанидтер дәуірінде Иранға шығыстан шабуыл жасаған «Ақ ғұндар» («Белых гунов»)–хиониттер»,–деп жазылғаны дәлел [27, 193-б.]. Сондай-ақ, С.П.Толстов «Авестаның» көне түркілер мекендеген Хорезм өңірінде туғанын мәлімдей келіп: «Авестаға» қатысты комплексті аңыздар хиониттердің, әсіресе, Сияваршан мен Хусравтың жеңісіне байланысты»,–деп түйіндеп [11,48-б.], бұл қасиетті кітаптың жұлпыны болып таритылған миф-аңыздардың бірталайы түркі тайшаларының өмірінен алынғанын және хиониттер – көне түркі тайшаларының бірі екенін қоса білдіріп, біздің дәлелімізді нақтылай түседі.

Осы зергтеу түйінінің нанымдылығына бұдан да дәлірек көз жеткізу үшін «Авеста» шығармасының өзіне тағы да назар аударайық. Бұл даналық мұраға бастан аяқ арқау болған Тұран тайшалары қайдан шыққан? Осы жайлы тарихшылар энциклопедиялық еңбекте: «Тұран – Иранның солтүстік-шығысындағы түркі тілінде сөйлейтін көпшелілер елі. Авестадағы келтірген дерек бойынша Тұрандар – Сырдарияның солтүстік шығысын мекендеген көпшелі тайшалар», – деп жазылған [28, 40-б.]. Сол «Авеста» шығармасындағы барлық оқиға өтетін орын, әрі бұл кітаптың бас жұлпыны болып табылатын Ворукаша теңізі жөнінде «Авестада» берілген түсініктемеде: «Ворукаша – зороастризм мифологиясы бойынша әлемдік мұхитқа теңелген теңіз аты. Оны памамен, Арал, Каспий теңіздері немесе Балхаш көлі деуге болады», – деген мәлімет берілген [27, 200-б.].

Ал «Авеста» шығармасындағы «Жер құдайы туралы жырдың» үшінші бөлімінің өзінде ғана Хварно «Тұран батыры Франхрасьямен (Афрасияп) Ворукаша теңізі маңында жарысқа, пайқасқа түседі», – деп жазылған [7, 207-б.]. Осы келтірілген деректер «Авеста» шығармасының Хорезм өңірінде туғандығын айқындайды. Оның үстіне, зороастризм діні, оны жасаған дала пайғамбары атанған Жаратуштра, сол ілім жазылған «Авеста» шығармасы Орта Азияның шөлейт даласында дүниеге келгендігін шығыстанушы ғалымдардың бәрі мойындайды. Сондықтан зороастризм діні, «Авеста» шығармасы ең әуелі шалқар далада туып, мал баққан, егіншілікпен айналысқан ел-жұрттың аузында жағталып, жазба мұраға айналған. Осы байламды аудармашы-ғалым И.Стеблин-Каменскийдің: «Бұл дін әуелі бақташылар тайшаларының діні деп аталады. Себебі, бұл дұғалар алғашқыда ашық аспан астында оқылды», – деген анықтамасы нақтылай түседі [27, 71-б.].

Екіншіден, айрықша айтар мәселеге назар аударсақ, И.С.Брагинскийдің мәлімдеуінше, тілдегі диалектілердің қорытылуынан алғашқыда дари – парсы атанған парсылардың әдебиеті тілі пайда болды

[4,176-б.]. Мұның мерзімін нақты анықтар болсақ: «Дарий 1 – парсылардың б.з.б. 522-486 жылдар аралығында өмір сүрген патшасы [2,35-б.]. Сонда, шамамен парсы әдеби тілі б.з.б. VI ғасыр аяғы мен V ғасыр басы аралығында жасалған. Белгілі мамандардың ұйғарымы да сондай. Ал «Авеста» кітабы ұзақ зерттеуден туған тұжырым бойынша ең беріден санағанда б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында жасалынған. Осыған орай, «Авеста» шығармасы парсы патшалығы және әдеби тілі дүниеге келуден бірнеше ғасыр бұрын туғаны танылады. Жоғарыда аталған осы саланы зерттеген білікті ғалымдардың «Авеста» Ахеменид патшалығынан көп бұрын шығарылғанын кесіп айтуының мәнісі осы. Соған сәйкес, «Авеста» шығармасы түркілер мекендеген Орта Азияда, Хорезм өңірінде жасалғаны анық болып отыр. Сондықтан, әдебиетіміздің арғы түп-төркіні, негізі (архетипі) б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында туындап, қалыптасқан, поэзия тілімен жазылған «Авеста» шығармасында жатқанын батыл айтуға негіз бар.

«Авестаны» ұзақ зерттеген А.О.Маковельскийдің: «Нюберг қуаттағандай, барлық бұған қатысты мәселелер Арал теңізі мен Яксарт (Сырдария) төңірегінде өткен. Бірақ «Авеста» текстісінде аталған есімдер географиялық көрсеткішсіз енгізіле салған», – деген байламы да орынды [25, 47-б.]. Бұрын дәлел келтіріп көрсеткеніміздей, «Авеста» шығармасындағы барлық оқиға шалқар шөл дала ортасындағы екі дария мен айбарлы теңіз аралығында өтеді. Бұл рухани мұра бағзы заманнан бері бірнеше толықтыру, жөндеуге түскен, сонда географиялық атаулар өзгергені сөзсіз. Ал өзбек ғалымдары өздерінің «Каюмарс», «Жамшид», «Сияуыш» атты аңыздық мұралары «Авеста» шығармасын туғызуға арқау болғанын келтіріп: «Көптеген зерттеушілер «Авеста» Орта Азияда жасалған деп есептейді. Вендидаттың бірінші тарауында Арион Вайджо елі жөнінде баяндалады. Бұл Хорезмнің ескі аты. «Авестаны» жасаған Зердүшты Бируни Азербайжан Сафид Туманның баласы екенін айтқан», – деп жазған [29, 44-б.]. Бірақ, өзбек ғалымдары Жаратуштраны Азербайжан перзенті дегенге келісетін, келіспейтінін ашық білдірмейді. Өйткені, Жаратуштра жасаған дін де, «Авеста» шығармасы да Орта Азияда және онымен шекаралас таяу шығыс халықтарының бір-екеуіне түгел тараған, сол елдердің игілігіне айналып, толықтырулар, өзгерістер енгізілген. Сондықтан Жаратуштра да, «Авеста» шығармасы да зороастризм діні жеткен елдердің бәріне ортақ. Біздің осы ой толғамымызды Е.Э.Бертельстің: «Авеста» зороастризм тараған ұланбайтақ жерге қызмет етті. Сондықтан бұл көптеген халықтардың көне әдеби мұрасы болып табылады», – деген тұжырымы бекемдей түседі [2, 50-б.].

Соңғы кездері өзіміздің ғалымдар мен жазушылар арасында «Авеста» шығармасын қазақшаға аударып, оның жұмбақ сырларын білуге талшыныс жасаған зерттеушілер көріне бастады. Мысалға, сөз зергері С.Елубаев Зоратуштра жөнінде көркем шығарма жазып, оны бағзы заманда жасаған кемесгер бабамыз екенін танытты. Ірі ақын Ә.Дастанұлы «Авеста»

шығармасын аударумен бірге оны философиялық тұрғыда зерттей келіп: «Демек, Зороатустраны ғасырлар қатпарының ар жағында өмір кешкен біздің түп бабамыз деуге толық хақымыз бар. Олай болса, біздің қазақ философиясын сонау замандар жотасынан бойы озып тұрған озық ойлы Зороатустрадан, оның ұлы шығармасы «Авестадан» бастауға хақымыз болса керек. Бұған жоғарыда біз «Авестадан» келтірген мысалдар бұлтарғиас дәлел»,–деп құштарлық ой білдірді [30, 197-б.]. Сондай-ақ, танымал ғалым Ә.Бүркітбаев: «Авеста» түрік тілдес халықтардың қолжазбасынан алынды»,–деді [31]. «Авеста» шығармасын зерттеп жүрген философ С.И.Оспанов: «Тәңірлік пен Жаратуштралық діндердің дүниеге келген жері –біздің арғы тегіміз тіршілік еткен үлкен Орта Азия»,–деп ой қорытқан [32, 9-б.]. Барлық ой-шікір, ғылыми тұжырымдар қорытындысын түйіп айтсақ, зороастризм діні, «Авеста» соларды жасаған дала пайғамбары Жаратуштра Хорезм өңірінде дүниеге келген. Әлемге танылған даналық шығарма әуелі Орта Азияға тарап, сіңіп барып, өзге жаққа тараған. Жаратуштра жасаған дін, «Авеста» кітабы адамзаттың өмір сүру конституциясы, әдеби мұрасы деуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Дьяконов И.М.* История Мидии. М.–Л: АНСССР, 1956.
2. *Бертельс Е.Э.* История персидско-таджикской литературы. М: из-во восочн.лит-ры, 1960.
3. *Бойс М.* Зороастрицы. Вера и обычай. Санк-П: Петерб. Востоковедение, 1994.
4. *Брагинский И.С.* Из истории таджикской народной поэзии. М: АНСССР, 1956.
5. *Геродот.* История. Избранные страницы. Санкт-П: «Амфора», 1999
6. *Струве В.В.* Этюды по истории северного причерноморья, Кавказа и Средней Азии. Л.; из-во «Наука», Ленинградское отделение. 1968
7. *Еңсегенұлы Т.* Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары. Монография. Алматы: Білім, 2001.
8. *Бахти А.* Шумеры, скифы, казахи. Алматы: ИД «кочевники»,–2002.
9. Восток // книга 4. М.–Л: 1924.
10. *Бертельс Е.Э.* Новые работы по изучению Авесты. Ученые записки. Т. III, АНСССР. 1951.
11. *Толстов С.П.* По следам древнехорезмийской цивилизаций. М.–Л: АНСССР, 1948.
12. Қазақ совет энциклопедиясы. 6-том. Алматы: 1975.
13. Қазақ әдебиеті. 18 қыркүйек 1998.
14. *Бартольд В.В.* История культурной жизни Туркестана. Л: АНСССР, 1927.
15. *Брагинский И.С.* Из истории персидской и таджикской литературы. М: Наука, 1972.
16. *Еңсегенұлы Т.* «Авеста»–түркілерге ортақ мұра. Монография. Алматы: «Тоғанай Т», 2011.
17. Қазақстан тарихы. Алматы: Дәуір, 1994.
18. *Мыңжан Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
19. *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М: изд.Вост.лит, 1962.



### Еңсегенұлы Т. «Авеста» түркілер мекендеген аймақта жасалған.

20. Қазақ совет энциклопедиясы. II-т. Алматы: 1977.
21. *Энгельс Ф.* Происхождение семьи, частной собственности и государства. М: 1953.
22. *Кекілбаев Ә.* Он екі томдық шығармалар жинағы. 8-т. Алматы: Өлке, 1999.
23. Қазақ совет энциклопедиясы. 12-т. Алматы: 1977.
24. *Сүлейменов О.* Язык письма. Алматы-Рим: 1998.
25. *Маковельский А.О.* Авеста. Баку: АН. Азер-на, 1960.
26. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985.
27. Авеста. Избранные гимны. М: Дружба народов, 1993.
28. Қазақ совет энциклопедиясы. I-т. Алматы: 1972.
29. История узбекской литературы. Т.1.Т: Фан, 1981.
30. *Дастанұлы Ә.* Философия мәдениеті. // Жалын, 3-4 саны, 1998.
31. *Бүркітбаев Ә.* «Авестаны» оқығанда. // Қазақ батырлары, № 2. Алматы: 1999.
32. *Оспанов С.И.* Ататектану негіздері. Алматы: 1994.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье глубоко исследовано произведение «Авеста», состоящее из 21 разделов. Оно является одним из первоначальных письменных памятников, созданных в мире. В ней научно обосновано положение о том, что эта мудрая книга является общим наследием и для тюрков, исследовано распространение ее ареалов, в особенности среди народов Ближнего Востока. Отличается, что она создана в Средней Азии и Хорезме, где древние тюрки проживали из покон веков.

**(«Авеста» создана в регионе, где проживали тюрки)**

#### SUMMARY

This article is deeply investigated product "Avesta", consisting of 21 chapters. It is one of initial written records created in the world. It scientifically sound position that this wise book is a common heritage for the Turks, The propagation of its habitat, especially among people in the Middle East. Different that it is created in Central Asia and Khorezm, where ancient Turks lived in Pocono centuries.

**(Ensegenuly T. "Avesta" is created in the region, inhabited by Turks)**

#### ÖZET

Makalede dünyadaki ilk yazı miraslardan biri olan Avesta'nın Türklerin eskiden yaşadığı Orta Asya, Horezm bölgesinde yaşadığı, sonra Yakın Doğu halklarına ulaştığı ve onun Türklerle de ortak miras olduğu savunulur.

**(Ensegenuly T. «Avesta» Türklerin yaşadığı bölgede yapılmıştır)**